

1. НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Егер ашалы қосқыш немесе қуат сымы зақымданса, кез келген қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау орталығы ғана ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы дұрыс нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалау және техникалық күтім көрсету жұмыстарын 8 жастан асқан балалар да үлкендердің бақылауымен орындай алады. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалса және техникалық күтім көрсетудің немесе тазалау жұмыстарының алдында оны әрқашан ток көзінен ажыратыңыз.

Құрылғы электр тогымен жұмыс істейтіндіктен, электр тогының соғу қаупін жоққа шығаруға болмайды.

Сондықтан келесі қауіпсіз шараларын ұстану керек:

- Қаптамадан шығарылған соң құрылғының жалпы күйін тексеріңіз. Күдіктенсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз және кәсіби білікті қызметкермен хабарласыңыз;
- Пайдаланбас бұрын әрқашан қуат сымның күйін тексеріңіз.
- Құрылғының техникалық сипаттамаларын кез келген жолмен өзгерту қауіпті болып табылады.
- Бұл құрылғы электрлік жүйелерді реттеуге арналған ұлттық стандарттарға сай орнатылуы керек.
- Бұл құрылғыны ауасында газ, мұнай өнімі, күкірт бар орталарда немесе ыстық заттарға жақын орнатпаңыз.
- Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, құрылғы кернеуінің қосылатын электр жүйесімен сәйкестігін тексеріңіз;
- Егер құрылғы сыртта пайдаланылса, ашаның сыртта қолдануға жарамды розеткаға қосылғанын тексеріңіз.
- Құрылғы жерге тиімді жолмен тұйықталған жүйеге жалғануы керек. Электр жүйесін білікті электршіге тексертіңіз.
- Тазалау және күтім көрсету жұмысының алдында ашаны әрқашан розеткадан суырып отырыңыз.
- Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз.
- Бұл құрылғыны тек аталған мақсатта, яғни, үй бөлмелерін салқындату үшін ғана пайдалану керек. Барлық басқа пайдалану түрлері дұрыс емес, сондықтан қауіпті деп қарастырылады. Өнім жасаушы кез келген дұрыс емес, қате немесе жауапсыз пайдалану салдарынан болған зақым үшін және/немесе өнімге компанияның өкілі емес маманы жасайтын жөндеу жұмыстары үшін жауапты болмайды.
- Салқындатқышты ешқашан сусыз пайдаланбаңыз. Тек ешбір қоспасыз кран суын ғана пайдаланыңыз. Ыдысты тек құрылғы өшірілгенде ғана толтырыңыз.
- Ыдыс толық болғанда немесе қолданыста болғанда құрылғыны жылжытпаңыз.
- Құрылғы пайдаланылмаған кезде оны

қосулы күйде қалдырмаңыз, себебі ол қауіп туындатуы мүмкін.

- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қолдарыңызды, бетіңізді немесе денеңізді тікелей тордың үстіне немесе жанына ешқашан қоймаңыз.
- Құрылғыны тегіс және берік бетке қойыңыз. Құрылғыны ешқашан кілемдерге немесе алашаларға және су тигенде зақымдалуы мүмкін нәзік жиһазға қоймаңыз.
- Құрылғыны пештер, радиаторлар, т.б сияқты ыстық заттардың жанына қоймаңыз. Құрылғыны розетканың жанына қойыңыз.
- Құрылғы қуат желісіне жалғанған кезде, мына қауіпсіздік ережелерін ескеріңіз:
 - құрылғыны ылғал немесе дымқыл қолдарыңызбен ұстамаңыз;
 - құрылғыны жалаң немесе ылғал аяқ-қолыңызбен пайдаланбаңыз;
 - ашаны розеткадан ажырату үшін қуат сымнан немесе құрылғыдан ұстап тартпаңыз;
 - құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз;
 - құрылғыға бөгде заттарды енгізбеңіз;
 - құрылғыны атмосфера әсерлері тиетін жерге қалдырмаңыз;
- Егер құрылғының көзін біржола жойғыңыз келсе, ашаны розеткадан ажыратқан соң сымды қырқып тастау арқылы оны пайдалануға жарамайтын етіңіз.
- Ақаулық және/немесе дұрыс жұмыс істемеу болған жағдайда құрылғыны құртып алмай өшіріп қойыңыз. Барлық жөндеу жұмыстарына қатысты тек уәкілетті техникалық қызмет орталығымен ғана хабарласыңыз және түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтарды ғана пайдалануды талап етіңіз.
- Ұзартқыш қуат сымдарын пайдаланбаңыз

Маңызды!

Орам материалын (полиэтилен қалталары, пенопластты) балалардан аулақ ұстаңыз. ЖҰТЫП ҚОЮ ҚАУПІ БАР: құрылғыда шағын бөлшектер болуы мүмкін. Осындай шағын бөлшектердің кейбіреулерін тазалау және техникалық күтім көрсету барысында шешіп ала тұру қажет болуы мүмкін. Абайлап







пайдаланыңыз және шағын бөлшектерді балаларға ұстатпаңыз.

2. СИПАТТАМА

2.1 Құрылғының сипаттамасы

- A1. Айналатын гриль: қолмен бағыттауға болады (бұл реттеуді айналдыруды ажырату арқылы орындаңыз)
- A2. Бактері су деңгейінің индикаторы
- A3. Дөңгелектер
- A4. Кабель орамы
- A5. Тұтқа
- A6. Қуат сымы
- A7. Алынбалы су ыдысы
- A8. Сүзгі корпусы
- A9. Шаң сүзгісі
- A10. Салқындату тұғыры
- A11. Ұялы салқындату тұғыры
- A12. Мүз жәшігі:

2.2 Басқару тақтасының (B) сипаттамасы

- B1. ON/OFF (Қосу/өшіру): құрылғыны іске қосу және өшіру үшін
- B2. Желдеткіш жылдамдығы. 3 ықтимал жылдамдықтың бірін таңдау үшін басыңыз:  MED (Орт.),  MAX (Макс.),  MIN (Мин.)
- B3. Cooling/humidification (Салқындату/ылғалдандыру). Функцияны өшіру немесе қосу үшін басыңыз
- B4. Желдеткіш режимін таңдаңыз:
 - **Natural (Табиғи)**  : құрылғы бірнеше секунд бойы әлсін-әлсін кідіру арқылы әр түрлі жылдамдықтарда кездейсоқ желдеткіш циклдерін орындайды.
 - **Sleep**  (Ұйқы) (түн): құрылғы 30 минут бойы MAX (Максималды) жылдамдықта, сосын 30 минут бойы MED (Орташа) жылдамдықта жұмыс істейді; одан кейін ол минималды жылдамдықта қалады.
- B5. "Swing" (Тербей) режимі (айналу): Таңдалған кезде, тор айналады.
- B6. AUTO OFF (автоматты өшіру): кідірілген өшіруді орнату үшін басыңыз (1-24 сағат).
 - Басылған кезде дисплейде  белгісі көрінеді және санды мән 5 секунд бойы жыпылықтайды: олар тұрақты болып қалса, автоматты түрде өшіру бағдарламасы сақталғаны.

- "AUTO OFF" (автоматты өшіру) мүмкіндігін өшіру үшін: пернені "00" көрінгенше басыңыз, сосын белгі және сан мәні өшкенше күтіңіз.

2.3 Дисплейдің (C) сипаттамасы

- C1. "AUTO OFF" (автоматты өшіру) бағдарламалауды көру құралы
- C2. "Cooling/humidification" (Салқындату/ылғалдандыру) белсенді
- C3. "Ioniser" (Иондаушы) белсенді (бұл функция әрбір жұмыс режиміне қосылғандықтан әрқашан қосулы болады)
- C4. "Sleep" (Ұйқы) желдеткіш режимі белсенді
- C5. "Natural" (Табиғи) желдеткіш режимі белсенді
- C6. "AUTO-OFF" (автоматты түрде өшіру) режимі бағдарламаланған
- C7. "Swing" (Тербелу) (айналу) режимі таңдалған
- C8. Желдеткіштің MIN (минималды) жылдамдығы
- C9. Желдеткіштің MED (орташа) жылдамдығы
- C10. Желдеткіштің MAX (максималды) жылдамдығы

2.4 Қашықтан басқару құралының сипаттамасы

- D1. ON/OFF (Қосу/өшіру): құрылғыны іске қосу және өшіру үшін
- D2. "Swing" (Тербей) режимі (айналу): Таңдалған кезде, тор айналады.
- D3. "AUTO-OFF" (автоматты түрде өшіру) (B6 бөлімін көріңіз)
- D4. Желдеткіш жылдамдығы (B2 бөлімін көріңіз)
- D5. Желдеткіш жылдамдығын таңдау (B4 бөлімін көріңіз)
- D6. Cooling/humidification (Салқындату/ылғалдандыру). Функцияны өшіру немесе қосу үшін басыңыз



3. ПАЙДАЛАНУ НҮСҚАУЛАРЫ

3.1 Алғаш рет пайдалану





- Бірінші рет пайдаланылған кезде, жағымсыз иіс шығуы мүмкін. Бұл – құрылғының қалыпты жұмысының бір бөлігі болып табылады.
- **ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ:** Құрылғыны бірінші рет пайдалану алдында, пластик тілшені алыңыз (1-сурет). Қашықтан басқару

құралын ЖШД дисплейіне бағыттаңыз. Максималды жұмыс арақашықтығы – қабылдағыштан шамамен 6 метр.

3.2 Құрылғыны іске қосу және өшіру


1. Құрылғыны розеткаға қосыңыз: құрылғыдан дыбысты сигнал шығады. Құрылғы пайдалануға дайын болады.
2.  пернесін (B1 немесе D1) басыңыз. Құрылғы "MED" (Орташа) желдеткіш жылдамдығымен іске қосылады және "иондау" белсендіріледі (2-сурет);
3. Құрылғыны өшіру үшін  пернесін (B1 немесе D1) басыңыз.

3.3 Желдеткіш жылдамдығын таңдау

1.  пернесін (B2 немесе D4) басыңыз;
2. Перне басылған сайын желдеткіш жылдамдығы өзгереді ( MED (Орташа),  MAX (Максималды),  MIN (Минималды)) (3-сурет).

3.4 Cooling/humidification (Салқындату/ ылғалдандыру)

Құрылғыны оған су толтыру арқылы дайындаңыз.

1. Су бағын шығарыңыз (4-сурет) және оны таза ағын сумен толтырыңыз MAX 4.5 (Макс. 4,5 л); деңгей көрсеткіші (A2) арқылы көрінетін MAX деңгейінен асырмаңыз. MAX деңгейіне дейін толтырылса, құрылғының 6 сағат жұмыс істейтініне кепілдік беріледі;
2. Су ыдысын орнына салыңыз;
3.  пернесін (B3 немесе D6) басыңыз: дисплейде тиісті белгі жанады (5-сурет). Ауа салқындату құрылғысына кіріп, салқындаған күйінде шығады, осылайша ауа температурасын төмендетуге көмектеседі;

Ескертпе:

Осы функция бірінші рет пайдаланылған кезде, бактегі судың түсі өзгеруі мүмкін: бұл – құрылғының қалыпты жұмысының бір бөлігі болып табылады.

Құрылғының өнімділігін жақсарту үшін "Мүз жәшігі" (A11) функциясын пайдаланыңыз.

4. "Мүз жәшігін" кран суымен толтырыңыз (6-сурет);

5. "Мүз жәшігін" қатырғышқа (7-сурет) салыңыз да, оны қатқанша қалдырыңыз;
6. Су бағын шығарып, "Мүз жәшігін" артқы сол жақ бұрышқа орналастырып салыңыз (8-сурет).


Ескертпе:

"Мүз жәшігінің" корпусқа дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз (8-сурет).


7. Су ыдысын қайта салыңыз, құрылғыны іске қосыңыз және "Cooling/humidification" (Салқындату/ылғалдандыру) функциясын таңдаңыз: құрылғыдан шығатын ауа салқынырақ болады (9-сурет).

3.5 Желдеткіш режимін таңдау

Құрылғыны 3 түрлі желдеткіш режиміне орнатуға болады:

1. NORMAL (Қалыпты) - Желдеткіштің бұл жылдамдығын таңдау үшін  пернесін (B2 немесе D4) басыңыз;
2. NATURAL (ТАБИҒИ) - MODE (Режим) пернесін бір рет басыңыз (B4 немесе D5). Құрылғы бірнеше секунд бойы әлсін-әлсін кідіру арқылы әр түрлі жылдамдықтарда кездейсоқ желдеткіш циклдерін орындайды (10-сурет);
3. SLEEP (Ұйқы) - MODE (Режим) пернесін екі рет басыңыз (B4 немесе D5). Құрылғы 30 минут бойы MAX (Максималды) жылдамдықта, сосын 30 минут бойы MED (Орташа) жылдамдықта жұмыс істейді: одан кейін ол MIN (Минималды) жылдамдықта (11-сурет) жұмыс істейді.


3.6 Swing (Тербелту)


1. Торды айналдыруды іске қосу үшін  пернесін (12-сурет) басыңыз: дисплейде тиісті белгі жанады;
2. Айналдыруды тоқтату үшін осы пернені тағы да басыңыз.

Ескертпе:



Ауа ағынының бағытын өзгерту үшін торды қолмен реттеу арқылы тігінен еңкейтеуге болады (13-сурет): бұл реттеуді тор тоқтап тұрған кезде оған күш салмай орындаңыз.

3.7 AUTO-OFF (Автоматты түрде өшіру)


 пернесін (B6 немесе D3) басу арқылы өшіруді 1-24 сағатқа кідіртуге болады.

1. Қалаған жұмыс уақытына сай сан таңдалғанша басыңыз: сан дисплейде (C1) көрсетіледі;
2.  белгісі мен сандық мән автоматты өшірудің бағдарламаланып жатқанын көрсету үшін жыпылықтайды. Белгі мен сандық мән тұрақты жанған кезде, бағдарламаның сақталғаны (14-сурет).

Ескертпе:

Автоматты өшіру режимінен шығу үшін  пернесін (B6 немесе D3) "00" сандық мәні орнатылғанша басыңыз:  белгісі мен "00" саны жыпылықтайды. Олар өшкен кезде автоматты өшіру режимінен бас тартылады.

4. СУ ҮДЫСЫН ТОЛТЫРУ

Cooling/humidification (Салқындату/ылғалдандыру) функциясын белсендірмес бұрын, бакта су бар екеніне әрқашан көз жеткізіп отырыңыз. Егер қолдану барысында су таусылса, құрылғы дыбысты сигнал шығарады және дисплейде (15-сурет)  белгісі жыпылықтайды: ал құрылғы желдетуді жалғастырады.

1. Су бағын шығарып (4-сурет), краннан ағатын таза сумен MAX 4.5L (Макс. 4,5 л) деңгейіне дейін толтырыңыз (әрқашан краннан ағатын суды пайдаланыңыз, бакты ешқашан шамадан тыс толтырмаңыз): су деңгейінің көрсеткішін (A2) тексеріңіз;
2. Су ыдысын орнына салыңыз.

5. ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІП УСТАУ

- Тазалау жұмыстарын орындамас бұрын құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып отырыңыз.
- Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз.
- Суды ешқашан құрылғының үстіне төгіп алмаңыз (16-сурет).
- Ешқашан бензинді, алкогольді немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Ешқашан инсектицидтерді немесе ұқсас заттарды бүркімеңіз: пластик майысуы мүмкін.
- Құрылғының беттерін жұмсақ шүберекпен тазалаңыз, ешқашан қатты губкаларды қолданбаңыз, олар құрылғы бетін сызып тастауы мүмкін.

5.1 Шаң сүзгісі мен ұялы салқындату тұғырын тазалау

Шаң сүзгісін тұрақты түрде тазалаңыз. Тазалау жиілігі пайдалану жиілігіне байланысты: егер күнде қолданылса, сүзгіні апта сайын тазалау ұсынылады.

- Шаң сүзгісі мен салқындату тұғырын шығарыңыз (17-сурет);
- Сүзгілердегі кез келген шаңды шаңсорғышпен тазалаңыз (18-сурет);
- Салқындату тұғырын сумен жақсылап жуыңыз; сосын оны толық кепкенше қалдырыңыз және сүзгілерді корпустарына қайта енгізіңіз (19-сурет).

Ескертпе:

Құрылғының үздіксіз жұмыс істеуі үшін ұялы салқындату тұғырын 3 жыл сайын ауыстыру ұсынылады (A11).

5.2 Су ыдысын тазалау

- Су ыдысын шығарыңыз (4-сурет);
- Оны дүкендерде бар тазалық жуғыш затымен мұқият тазалаңыз (20-сурет).

5.3 Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру

- Қашықтан басқару құралының артындағы батарея тірегін ашыңыз (21-сурет);
- 3 В CR2025 батарея түрін тұғырға енгізіңіз, полистерінің (+ және -) сәйкес екеніне көз жеткізіңіз де, тіректі қайта енгізіңіз (22-сурет).

Қашықтан басқару құралы пайдалануға дайын.

Ескертпе:

Егер қашықтан басқару құралы тасталса немесе ауыстырылса, батареяны алып, қолданыстағы заңға сай тастау керек, себебі батареялар қоршаған ортаға зиян келтіреді. Батареяны отқа тастамаңыз, себебі ол жарылуы немесе қауіпті сұйықтықтарды шығаруы мүмкін.

6. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтардың тізімі көрсетілген.

Егер проблема ұсынылған әдіспен шешілмесе, қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

| ПРОБЛЕМА | ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ | ШЕШІМІ |
|---|---|--|
| Құрылғы іске қосылмайды | Қуат сымы жалғанбаған | Қуат сымының жалғанғанын және онда электр қуатының барын тексеріңіз |
| | Құрылғы іске қосылған | Құрылғыны  пернесін басу арқылы іске қосыңыз (басқару панелінде B1 немесе қашықтан басқару құралында D1) |
| Құрылғы өшеді | Автоматты түрде өшіру іске қосылған | Құрылғыны іске қосып, автоматты өшіру белгісінің өшкенін тексеріңіз |
| Бөлмедегі ылғалдылық шамадан тыс | Cooling/humidification (Салқындату/ылғалдандыру) функциясы пайдаланылған кезде, құрылғы бу шығаратын салқындату әсерінің нәтижесінде ылғал бөледі. Бұл – қалыпты нәрсе. | Құрылғы әсіресе құрғақ климаттарда барынша тиімді салқындайды. Егер ылғалдылық деңгейі жоғары (60% және одан жоғары) болса, онда салқындату/ылғалдандыру функциясын пайдаланудың қажеті жоқ |
| | | Терезелердің/есіктердің ашық екеніне және бөлмеде жеткілікті ауа ағыны бар екеніне көз жеткізіңіз (ауа барынша жақсы айналатындай). Дегенмен, құрылғыны желдеткіш режимде пайдалануға болады |
| Дисплейде ✖ белгісі жыпылықтайды (C2) және құрылғы өте жақсы салқындатып жатқан жоқ | Бакта су жоқ | Бакты салқын сумен 3.4 тарауында көрсетілгендей толтырыңыз. |
| Құрылғы өте жақсы салқындатып жатқан жоқ | Бакта су жоқ | Бакты салқын сумен толтырыңыз |
| | Сүзгілер кірлеген | Сүзгілерді 5.1 тарауында көрсетілгендей етіп тазалаңыз. |
| Қашықтан басқару құралы істемейді жұмыс | Қашықтан басқару құралының батареясы дұрыс салынбаған | Батареяның қашықтан басқару құралындағы полюстер бағыттарына сай салынғанын тексеріңіз. |
| | Батарея отырған | Жаңа батареямен ауыстырыңыз |
| | Қашықтан басқару құралы зақымданған | Егер батареяны ауыстырудан проблема шешілмесе, өкілетті қызмет орталығымен хабарласыңыз |



| ПРОБЛЕМА | ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ | ШЕШІМІ |
|-------------------------------------|---|--|
| Құрылғы жауап бермейді | Құрылғыдағы басқару панелі жұмыс істемейді | Қашықтан басқару құралын құрылғыны іске қосу үшін пайдаланыңыз. Егер құрылғы жауап берсе, басқару панелінде проблема болуы мүмкін: өкілетті қызмет орталығымен байланысыңыз Егер басқару панелі де, қашықтан басқару құралы да жұмыс істемесе, өкілетті қызмет орталығымен хабарласыңыз |
| Құрылғы жаңбырдан ылғалданып қалған | Сыртта пайдаланылған құралды нөсер жауын ылғалдаған | Құрылғыға аз ғана су тисе ештеңе етпейді. Дегенмен, құрылғының су өткізбейтін тиісті розеткаларға қосылуын қамтамасыз етіңіз. Құрылғыны іске қоспас бұрын, аша мен розетканың құрғақтығына көз жеткізіңіз |

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
 Үлгі: "
 Кернеу: "
 Жиілік: "
 Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
 via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
 Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
 Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ
 127055 Ресей, Мәскеу қ,
 Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
 Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Сақтау шарттары:

Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы белмелер.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC